1-сыныпқа оқуға қабылдау сауалнамасы **І нұсқа**

1. Атың кім? Фамилияң ше?
2. Жасың нешеде? Қашан туылғансың?
3. Нені ұнатасың: сурет салғанды ма, ойын ойнағанды ма, өлең оқығанды ма?
4. Қандай ертегілерді білесің? Біреуін айтып бере аласың ба?
5. Сен балабақшаға неше жасыңда бардың?
6. Ата-анаңның аты кім?
7. Үйіңізде қанша адам тұрады? Олар кімдер?
8. Қыста ауа-райы қандай болады?
9. Қай мезгілде ағаштар жасыл болады?
10. Үйіңдегі заттарды атап бер.
11. Егер күн батса, не болады?
12. Егер адам су ішпесе, не болады?
13. Нан қалай дайындалады? Қайдан келеді?
14. Таңертең сағат нешеде оянасың?
15. Сеніңше мектепке не үшін барады деп ойлайсың?
16. Мұғалім кім? Ол не істейді?
17. Бес саусақты көрсет. Қайсысы үлкен, қайсысы кіші?
18. Санай аласың ба? 10-ға дейін санап бер.
19. Егер сүйікті ойыншығың сынып қалса, не істер едің?
20. Егер досың жылап отырса, сен не істер едің?
21. Күн сайын қандай істерді атқарасың?
22. Қандай түстерді білесің? Ең жақсы көретін түсің қайсы?
23. Тәрбиеші кім? Ол не істейді?
24. Қандай жануарларды көргенсің? Қайсысы саған ұнайды?
25. Егер саған кітап берілсе, оны қалай сақтайсың?

*Үйде тәрбиеленген балаларға қосымша мамандық туралы сұрақ қоюға болады.

1-сыныпқа оқуға қабылдау сауалнамасы **II нұсқа**

1. Атың кім? Фамилияңды айт.
2. Жасың нешеде?
3. Үй жануарларынан қайсыларын білесің?
4.Үй құстарынан қайсыларын білесің?
5. Қай жануарды немесе құсты жақсы көресің және неге?
6. Көктем туралы айтып берші.
7. Жаз мезгілінде қандай жемістер, көкөністер мен бақша өнімдері піседі?
8. Бағдаршамда неше түс бар?
9. Жаңбырдан кейін аспанда пайда болатын кемпірқосақта неше түрлі түс болады? Сол түстерді ата.
10. 10-ға дейін санап бер. Енді кері қарай сана.
11. Қарбыз бен қауынның айырмашылығын айтып бер.
12. Көлік түрлерін айтып бер.
13. Қай көлік түрлері ұшады? Олар қандай қызмет атқарады?
14. Апта күндерін атап бер.
15. Күн мен түннің айырмашылығы қандай?
16. Отбасың туралы айтып бер, үйде неше адам тұрады?
17. Әкең мен анаң қайда жұмыс істейді, жұмыс орнын айтып бер.
18. Үй шаруасына анаңа көмектесесің бе? Қандай істерді атқарасың?
19.Жатқа білетін өлеңіңді айтып бер.
20. Қандай пішіндерді білесің? Дөңгелек, шаршы, үшбұрыш, төртбұрыш пішіндерінің айырмашылығын айтып бер.
21. Егер досың жыласа, сен не істер едің?
22. Жолда бейтаныс адам саған сыйлық ұсынса, не істер едің?
23. Жақын досың туралы айтып бер.
24.Жануарлар мекендейтін орталарды айтып бер.
25. Төмендегі заттардың не үшін керек екенін түсіндіріп бер: қалам, орындық, үй, шам. Қаламмен не істейді? Орындық не үшін керек?